

Ғасырдың батыр анасы

Еңбектен бақыт тапқан Торқа Жүнісованың өнегелі өмірі



Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында майдандағы сарбаздар соңғы демі қалғанша жан аямай күрессе, тылдағы еңбекте толас тауып көрген жоқ.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деп ұрандап, ауылшаруашылығын да еңбектенген ерлердің майданға тартылуына байланысты, олардың орнын елде қалған қариялар, әйелдер мен балалар басты. Осылайша сарбаздарды азық-түлікпен, шикізатпен елде қалған әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз еткені тарихтан белгілі.

Жеңіс күні – соғыс кезінде тылда бел жазбай еңбек еткен тыл ардагерлерінің де мерекесі екені айқын. Осы орайда, Меңдіқара ауданының балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйінің директоры Мұрат Тұрағұловтың бастамасымен, «Жас қаламгер» үйірмесінің



Үлкенге құрмет көрсету кейінгі ұрпақтың парызы

жас тілшісі Азат Серікбай

«Еңбеккерлер ел есінде» атты іс-шара аясында еңбекке ерте араласып, тылдағы тірліктің бел ортасында жүрген, сондай нәзік жандылардың бірі – қазіргі таңда аудан орталығы Боровской ауылында тұратын көненің көзі, асылдың сынығы, тыл еңбеккері 93 жастағы әжеміз Жүнісова Торқа Нұрғалиқызының қалжағдайын біліп, сұхбат алуды жөн көрді.

1930 жылы қазан айының 10-ы күні Меңдіқара ауданына қарасты Қаражар ауылында дүниеге келген Торқа әже еңбекке ерте араласты.

- Ес біліп қалған кезде соғыс басталды. Ауладағы жалғыз сиырды сауып, майы мен қаймағын майдан даласына жөнелттік. Майданда жүрген

солдаттарды азық-түлікпен, керек-жарақпен қамтамасыз ету үшін еңбекке ерте араластық. Қаражар деп аталатын ауылымыздағы соғысқа жарамды, еркек кіндіктің барлығы майданға аттанды. Анаммен бірге өгіз айдап, жер жырттық, егін егіп, оны буып, бидай-тарыны майданға жөнелтуге атсалыстық. Бар жиған-тергеніміз соғыстағы жауынгерлерге тиесілі еді. Соқамен жер жыртып, сабан айдайтынбыз. Қара жұмыстан қашпадық. Азаттықты ғана аңсадық. Жеңіс үшін тер төгіп, жеңіс үшін жігерлендік.

Ерлеріміз Отанды қорғаса, біз елде отырып оларға тілекші болдық. Бүгінгі бейбіт күнге мың да бір шүкіршілік ету керек. Лайым тыныштық

болсын, - дейді ардагер.

Басына түскен ауыртпалықты көтеріп, қиыншылықтарды жеңе білген, ғасырға жуық өмір сүріп келе жатқан аяулы әжеміз бүгінде өзінің ұрпағына өмірдің түзу жолын сілтеп, оларды Отанына, туған халқына адал еңбек етуге тәрбиелеуде.

«Ер есімі – ел есінде» демекші, Торқа әжеміздің тылдағы еңбегі бүгінгі таңда еленіп, «Еңбек ардагері», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60, 65, 70, 75 жыл» мерекелік медальдары және «Батыр ана», «Алтын алқа» медальдарымен, Алғыс хаттары-

мен марапатталған әжеміз қазіргі таңда немере-шөберелерінің ортасында жарқырап, немере-шөбрелерінің қызығын қызықтап отыр. Ақылы мен даналығының арқасында балаларына дұрыс жол көрсетуде. Жастайынан газет-журнал, кітапты көп оқыған әжеміздің бертін келе көзінің көруі нашарлағаны болмаса, денсаулығы мен дәрігерге шағымданып көрген емес. Ешкімнен ештеңе күтпейді. Алладан ұрпақтарының амандығы мен елдің тыныштығын тілейді. Тылдан кейін қоғамға еңбек еткен ардагер марапат пен абыройдан кенде емес.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл ардагерлерінің есімі, тарихтың парағы-

на, алтын әріптермен мәңгіге жазылып қалары анық. Жыл өткен сайын ардагерлеріміздің қатары сиреп, азайып бара жатыр. Көзі тірісінде құрмет көрсетіп, сыйлай білу – кейінгі ұрпақ, біздің парыз. Ұрпақтарының бейбіт күнде өмір сүруін аңсаған ата-бабаларымыздың жасаған ерліктері мен еңбектері мәңгілік ел есінде қала береді. Қасиетті қазақ жерімізге соғыс қаупі төнбей, еліміз мәңгі жасасын!

Айдос ҚОСТАНАЙ,
Меңдіқара ауданының
балалар және
жасөспірімдер
шығармашылық рүйінің
қосымша білім беру
педагогы